

Смагулова Акмарал Тулеугазиновна – кандидат филологических наук, руководитель НЦ «Абай және ұлттық руханият» КеАҚ «Шәкәрім университет», Республика Казахстан, Семей, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

Мурсалим Гулнур Оразбековна – PhD, Университет «Алихан Бөкейхан», Республика Казахстан, Семей, e-mail: erowkan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7402-7885>.

Information about the authors

Smagulova Akmaral Tuleugazinovna – candidate of Philological Sciences, Head of the Research Center «Abai and National Spirituality» at Shakarim University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: akma.2000.2006@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7509-7025>.

Mursalim Gulnur Orazbekovna – PhD, Alikhan Bokeikhan University, Republic of Kazakhstan, Semey, e-mail: erowkan@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-7402-7885>.

Редакцияға енуі 29.01.2026

Өңдеуден кейін түсуі 19.02.2026

Жариялауға қабылданды 26.03.2026

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-12](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-12)
FTAMP: 17.81.31

Н.М. Мурсалимова*, Ж.Т. Салтақова

М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты,
050010, Қазақстан Республикасы, Алматы қ., Құрманғазы к-сі, 29

*ORCID: 0000-0003-4875-9684

*e-mail: m_nasihath@mail.ru

«ЕСІМ-ЗЫЛИҚА» ДАСТАНЫ: ҚОЛЖАЗБА НҰСҚАЛАРЫ МЕН МӘТІНДІК ЕРЕКШЕЛІКТЕРІ

Аңдатпа. Зерттеудің негізгі материалы ретінде М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған «Есім-Зылиқа» дастанының бес қолжазба нұсқасы алынды.

Мақалада қазақ фольклортану ғылымында ғашықтық дастандарды жүйелі зерттеудің ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап қалыптасқаны көрсетіліп, М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, Б. Әзібаева және басқа да көрнекті ғалымдардың еңбектері талданады. Зерттеушілердің тұжырымдарына сүйене отырып, ғашықтық дастандардың фольклор мен жазба әдебиет арасындағы өтпелі сипаты және авторлық өңдеу мен халықтық дәстүрдің өзара байланысы көрсетіледі. Әсіресе Б. Әзібаеваның жіктемесіне сүйене отырып, ғашықтық дастандардың шығыстық сюжетке негізделген, аймақтық фольклорлық және нақты тарихи оқиғаларға құрылған әлеуметтік-сүйіспеншілік жырлары болып үш топқа бөлінуі олардың көркемдік табиғатын саралауда маңызды ғылыми бағдар ретінде қарастырылады.

«Есім-Зылиқа» дастанының мазмұны шығыс классикалық хикаяларымен типологиялық ұқсастықта болғанымен, қазақ дүниетанымы, ұлттық салт-дәстүр мен тарихи-әлеуметтік шындықты бойына сіңірген төл туынды ретінде бағаланады. Зерттеу нәтижесінде Н. Ахметбеков жинап тапсырған 1923 жылғы нұсқаның ел аузынан жазылып алынған түпнұсқалық мәтін екені дәлелденіп, кейінгі өңделген нұсқаларда ақындық көркемдік толықтырулар енгізілгені көрсетіледі. Сондай-ақ, дастанның ғашықтық дастан жанрындағы орны, тарихи негізі айқындалып, қолжазба мұраларды ғылыми айналымға енгізудің маңыздылығы тұжырымдалады.

Кілт сөз: қолжазба, фольклор, Есім-Зылиқа, дастан, нұсқалар, зерттеу.

Кіріспе

Қазақ фольклорында дастан жанры ауызша дәстүрмен қатар жазба және баспа нұсқалары арқылы кең тараған көркем мұралардың бірі болып табылады. ХІХ ғасырдың бірінші жартысынан бастап қағаз бетіне түсе бастаған қисса-дастандар халық жадында сақталып, халықтық репертуардың маңызды құрамдас бөлігіне айналды. Бұл үрдіске ортағасырлық түркі және шығыс халықтары арасындағы әдеби-мәдени байланыстар елеулі ықпал етіп, төл және шығыстық сюжеттерге негізделген эпикалық шығармалардың жырлануы кең өріс алды [1].

Қазақ фольклортану ғылымында ғашықтық дастандарды ғылыми тұрғыдан зерттеу ХХ ғасырдың екінші жартысынан бастап жүйелі сипат алды. Бұл бағытта М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев, Р. Бердібаев, С. Қасқабасов, Ш. Ыбыраев, Б. Әзібаева еңбектері жанрдың поэтикасын, типологиясын және варианттылық табиғатын айқындауда маңызды ғылыми негіз қалыптастырды. Мәселен, Ы. Дүйсенбаев ғашықтық дастандардың бірқатары халық аңыздарына сүйене отырып, белгілі ақындардың қайта жырлауы мен өңдеуі арқылы жеткенін көрсетсе [2], Ә. Қоңыратбаев оларды фольклор мен жазба әдебиетті сабақтастыратын аралық жанр ретінде қарастырады [3]. Ал Б. Әзібаева ғашықтық дастандарды қазақ эпосының бір саласы ретінде қарастырып, оларды шығыстық сюжетке негізделген, аймақтық фольклорлық және тарихи оқиғаларға құрылған әлеуметтік-сүйіспеншілік жырлары деп үш топқа жіктейді:

«Есім-Зылиқа» дастаны – қазақ ауыз әдебиетіндегі ғашықтық дастан жанрына жататын көлемді мұралардың бірі. Бұл шығарма мазмұндық жағынан шығыс әдебиетінің дәстүрлі мотивтеріне негізделген. Атап айтқанда, дастан желісінде «Жүсіп-Зылиха», «Ләйлі-Мәжнүн», «Таһир-Зүһра» сияқты шығыстық классикалық хикаяларға тән кейбір сюжеттік элементтер байқалады. Дегенмен, «Есім-Зылиқа» шығармасы шығыс поэтикасының ықпалымен қатар, қазақ дүниетанымы мен ұлттық құндылықтары сіңген төл эпикалық туынды болып табылады [4].

Аталған дастанның мазмұны мен тарихи-әлеуметтік сипатына назар аударған ғалымдардың бірі – Ә. Қоңыратбаев. Ол Есім туралы жырдың көркем тілі мен идеялық мазмұнымен қатар, оның сюжеті мен оқиғалар жүйесінде тарихи өмір шындығы көрініс тапқанын атап көрсетеді [5]. Ал М. Әуезов эпикалық шығармалардың қалыптасу үдерісінде жеке ақындардың жинақтаушылық қызметімен қатар, халықтық орындаушылық дәстүрдің де маңызды рөл атқарғанын көрсетеді [6].

Осы ғылыми тұжырымдар аясында «Есім-Зылиқа» дастаны қазақ ғашықтық дастандарының мазмұны бай, варианттылығы айқын үлгілерінің бірі ретінде назар аудартады. Дастан желісінде шығыстық хикаяларға тән кейбір мотивтер сақталғанымен, оқиғалардың өрбуі мен кейіпкерлер жүйесі қазақтың дәстүрлі дүниетанымымен және тарихи-әлеуметтік ортасымен сабақтасып беріледі. Сонымен қатар шығарманың бірнеше қолжазба нұсқасының сақталуы (қыз есімінің Зылиқа/Қадиша түрінде берілуі, мәтін көлемі мен жол санының айырмашылығы) оның мәтіндік эволюциясын, орындаушылық дәстүр ықпалын және авторлық өңдеулер сипатын анықтауға мүмкіндік береді.

Осыған байланысты зерттеудің негізгі мақсаты – «Есім-Зылиқа» дастанының қолжазба нұсқаларын фольклортанулық және текстологиялық тұрғыдан саралап, нұсқалар арасындағы мәтіндік айырмашылықтардың табиғатын анықтау. Мақалада дастанның сақталған нұсқалары салыстырылып, олардың мәтіндік өзгеру ерекшеліктері мен варианттылық сипаты ғылыми тұрғыдан алғаш рет талданады.

Материалдар мен әдістер

Мақаланың деректік негізін М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында сақталған «Есім-Зылиқа» дастанының бес қолжазба нұсқасы құрайды. Атап айтқанда, 1923 жылы Н. Ахметбеков ел аузынан жазып алып тапсырған араб әліпбиіндегі 1-нұсқа, 1930-1957 жылдары араб және кирилл жазуында хатқа түскен өзге нұсқалар, сондай-ақ Ш. Базилов көшірген мәтін зерттеу нысанына енгізілді.

Зерттеу бірнеше кезең бойынша жүргізілді:

Бірінші кезеңде қолжазбалар бірізді паспорттау үлгісімен сипатталды. Бұл ретте әр нұсқаның сақталу орны, шифры, жазылған жылы, әліпбиі, көлемі, жол саны, кейіпкерлер есімдерінің берілу ерекшеліктері мен мәтіннің құрылымы анықталды.

Екінші кезеңде нұсқалардың параллель мәтіні жасалып, оларды салыстырудың негізгі бірлігі ретінде жол, шумақ және эпизод деңгейлері алынды. Жол деңгейінде лексикалық және стилистикалық өзгерістер, шумақ деңгейінде поэтикалық құрылым мен ырғақтық ерекшеліктер, ал эпизод деңгейінде сюжет желісінің толық немесе ықшам берілуі қарастырылды.

Үшінші кезеңде нұсқалар арасындағы мәтіндік айырмашылықтар типологиялық тұрғыдан жіктелді. Олар: мәтіннің қосылуы, қысқаруы, ауыстырылуы, кейіпкер есімдерінің өзгеруі, сондай-ақ композициялық кеңею немесе ықшамдалу түрінде анықталды.

Төртінші кезеңде кейінгі нұсқалардағы көшірушілік немесе редакциялық өзгерістер айқындалып, мәтіннің толықтыру, кеңейту немесе стилистикалық өңдеу арқылы өзгеру себептері талданды. Осы салыстыру нәтижесінде дастан мәтінінің қалыптасу және даму үдерісі, сондай-ақ нұсқалар арасындағы варианттылық табиғаты айқындалды.

Зерттеу барысында салыстырмалы-тарихи, типологиялық, текстологиялық және сипаттамалық әдістер кешені қолданылды. Ал текстологиялық талдау нұсқалар арасындағы мәтіндік айырмашылықтарды анықтауға және олардың пайда болу себептерін түсіндіруге мүмкіндік берді. Ғылыми талдау барысында М. Әуезов, Ә. Қоңыратбаев, Ы. Дүйсенбаев және Б. Әзібаева еңбектеріндегі ғашықтық дастандардың жанрлық табиғаты мен мәтіндік варианттылығы жөніндегі теориялық тұжырымдар әдістемелік негіз ретінде пайдаланылды.

Осылайша, зерттеу барысында «Есім-Зылиқа» дастанының қолжазба нұсқалары жүйелі түрде салыстырылып, олардың мәтіндік ерекшеліктері мен өзгеру заңдылықтары анықталды.

Нәтижелер мен талқылау

М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты мен Орталық ғылыми кітапхана қорларында «Есім-Зылиқа» дастанының бес нұсқасы сақтаулы.

Зерттеу барысында 1923 жылы Н. Ахметбеков ел аузынан жазып алған бірінші нұсқа мәтіннің түпнұсқалыққа неғұрлым жақын үлгісі ретінде қарастырылды. Мұндай тұжырым оның ерте хатқа түсуі, орындаушылық ортадан тікелей жазылып алынуы, мәтіннің салыстырмалы түрде жинақы сақталуы және кейінгі нұсқаларда байқалатын редакциялық толықтырулардың мұнда аз көрінуі сияқты белгілерге негізделді.

Қолжазба нұсқаларын салыстыру барысында олардың арасындағы негізгі айырмашылықтар бірнеше бағытта көрінді. Атап айтқанда, нұсқаларда кейіпкер есімдерінің берілуі, мәтін көлемі, жекелеген эпизодтардың толық немесе ықшам берілуі, поэтикалық сипаттамалардың кеңеюі және көшірушілік не редакциялық өңдеулер деңгейі жағынан өзгешеліктер анықталды. Осы белгілер дастан мәтінінің уақыт өте келе өзгеріп, дамығанын көрсетеді.

1-нұсқа. Есім-Зылиқа [7]. 1923 жылы ел аузынан дастан етіп жазып алып, 1936 жылы қорға тапсырған – Н. Ахметбеков. Көлемі – 51 бет, араб әрпінде жазылған.

Нұрхан Ахметбеков (1903-1964) – Қостанай облысы, Жангелдин ауданы, Жаркешу ауылында дүниеге келген. Қазақстанның халық ақыны. Ауыз әдебиеті үлгілерін жинаушы. «Абай», «Өтірік белсенділерге», «Жеңешеме», «Жөкеңе», «Киров колхозы» т.б. өлеңдердің авторы. Аталған дастанның текстологиялық және фольклортанулық тұрғыдан ғылыми айналымға түсуіне Н. Ахметбековтің еңбегі ерекше. Ол бұл нұсқаны кеңейтіп, өңдеп 1958 жылы «Тосын толғау» атты жинағында «Есім сері» деген атпен жариялаған.

«Есім-Зылиқа» ғашықтық дастанының мазмұны 3-нұсқамен (Есім-Қадиша) ұқсас, тек адам аттарында өзгешелік бар. Қыз аты 3-нұсқада Қадиша деп аталса, мұнда Зылиқа делінген.

2-нұсқа. Есім сері [8]. Қолжазбаның көлемі – 43 бет. 1930 жылдары жазылған. Қорға Н. Ахметбеков 1936 жылы тапсырған.

Шығарма «Есім сері» деп аталғанымен, оның жалпы мазмұны үшінші нұсқамен («Есім-Қадиша») бірдей. Бұл нұсқада да қыздың аты Қадиша деп беріледі. Арманына жеткен екі ғашық Сыр бойына қашып барып, онда екі айдай тұрады. Кейін Үргенішке, Қарақалпақ еліне өтеді. Одан Ташкентте екі жыл тұрады, кейін Ақмешітке келіп тұрақтайды. Сол жерде бір ұл мен бір қызды дүниеге әкеледі.

3-нұсқа. Есім-Қадиша [9]. Қолжазбаны Н. Ахметбеков қорға тапсырған. Араб әрпінде жазылған. Мәтіннің көлемі – 97 бет. Нұсқада Есім мен Қадишаның махаббат тарихы баяндалады. Есім ерлігімен танылған сері ретінде суреттелсе, Қадиша – Шора бидің ақылды, ер мінезді қызы. Екі жастың қосылу жолындағы күресі жырдың негізгі мазмұнын құрайды.

4-нұсқа. Есім-Қадиша [10]. Қорға 1957 жылы Батыс Қазақстан экспедициясы кезінде жинап, қорға тапсырған – Н. Ахметбеков. Қолжазбаның бірінші бетінде «Қыпшақ деген елдегі Есмағамбет деген қарттың туған жиені ер Есім деген жігіттің Шора бидің Қадиша

атты сұлу қызына ғашып болып, соны алу жөніндегі бастан кешкен уақиға» деп жазылған. Мазмұны 3-нұсқамен бірдей.

Мәтін кирилл әрпінде көк сиямен жазылған, көлемі 26-бет.

5-нұсқа. Есім мен Қадиша [11]. Мәтінді көшіріп, қорға тапсырған – Шыңғысболат Базилов. Ол бұрынғы Целиноград облысы, Целиноград ауданы Ново Ишим совхозы Морттық бөлімшесінің тұрғыны болған деген қолжазбаның соңғы бетінде дерек берілген. М. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының Қолжазба қорында 682-буманың 7-дәптерінде көшірушінің қорға жазған хаты тіркелген: «Мен Сіздерге осы бір поэзиялық әңгімені жіберіп отырмын. «Есім мен Қадиша» – бұл әңгімені мен 1953 жылы сотталып қайтып келген бір орта орта жастағы адамнан көшіріп алып едім. Осы уақытқа дейін бір журналдан, не кітап болып шыққанын көре алмадым. Сондықтан сіздерде мүмкін бұл поэзиялық әңгіме жоқ шығар деп жіберіп отырмын. Ал енді бұл дастанның авторын білмеймін және көшірген адамым да біреуден алышты. Ол адам қазір тірі, сұрастырдым. Ол: «Сотталып жүргенде бір жігіттен алып едім» – дейді. Хаттың мәтіні еш өзгеріссіз ұсынылды. Сонымен қатар қолжазбаның соңғы бетінде ақын мәтінді қалай көшіргені жөнінде үш шумақ өлеңмен баяндайды:

Осыған үш күн болдым алаң,
Көшіріп бұл қиссаны жазып алғам.
Барлығы жаздым 380 ауыз,
Аяғы бұл қиссаның болды тәмәм.

Көшірген менің атым Шыңғыс болат,
Мадияр арғы затым деп аталат.
Есім мен Қадишаны екі ғашық,
Оқысаң оқиғасын мейірің қанат.

Көшірдім көшірілген қолжазбаша,
Дүзедім әрбір жерін өз шамамша.
Біреуден ол да көшіріп алған екен,
Рүстем қисса иесі өз қалынша.

Дастан жолма жол 4-нұсқамен бірдей. Бұл нұсқаның көлемдігіне қарағанда ақын сөздің ретіне қарай кейбір жолдарды өзі қосқан. Мәтіннің көлемі – 65 бет, кирилл әрпінде көк сиямен жазылған. Мазмұны алдыңғы нұсқалармен бірдей.

Жоғарыда көрсетілген бес нұсқа бір сюжетке негізделген. Бірінші нұсқада басты кейіпкердің есімі Зылиқа деп берілсе, ал екінші, үшінші, төртінші және бесінші нұсқаларда ол Қадиша деп аталады.

«Есім-Зылиқа» дастанының мазмұндық құрылымы Есім мен Зылиқа арасындағы шынайы махаббаттың көркем бейнесін сомдауға бағытталған. Шығармада ғашықтардың өмірлік сынақтар мен түрлі кедергілерді еңсере отырып, махаббаттарына адал қалып, қосылуға жету жолы суреттеледі. Дастанның композициялық желісі Есімнің жат елден оралып, Меңдіқара ақсақалдың шаңырағында өткен жиында нағашысы Есмағамбетпен кездесіп, өткен өмірінің оқиғаларын баяндауынан басталады. Алғашқы баяндауды Есмағамбет бастап, кейін негізгі баяндаушы ретіндегі рөлді Есімнің өзі жалғастырады. Оқиғалар желісі барысында Әлімбаи есімді кейіпкер Есімнің батырлық қабілеттерін өз мақсатында пайдаланып, оны ұрлық әрекеттеріне итермелейді. Сол жорықтардың бірінде Есім Шекті елінде өтетін үлкен тойға тап болады. Аталған тойда Есім өзінің палуандық өнерімен және серілік келбетімен жұртшылық назарын аударады. Алайда, бәйгеге қосылған аты мәреге бірінші келсе де, той ұйымдастырушылары Есімді «қаңғыбас» деп төмендетіп, жүлдеден шеттету арқылы әділетсіздік танытады. Сонымен қатар, оған «атынды ұрлап қостың» деген негізсіз айып тағылады.

Есім Шекті елінде шамамен бір жылдай тұрақтап, осы өңірдің танымал биі Шораның алдына барып, өзіне жасалған әділетсіздікке әділ төрелік сұрайды. Бұл кезеңде ол бидің қызы Зылиқаға ынтығып, жүрегін махаббат билейді. Көркем мінезі мен нәзік болмысы Есімді

ғашықтық күйге бөлеп, ол сүйіктісін алып қашуға бел байлайды. Алайда олардың бұл әрекеті ұзаққа бармай, қуғыншылар ізіне түсіп, Есімді қолға түсіруге ұмтылады. Оған «ұрлық жасады» деген айып тағылып, билікке тапсыру әрекеті жүзеге аса жаздайды. Бұл хабарды естіген Есім қызды ертіп, тағы да жасырын түрде елден кетуге мәжбүр болады. Біршама уақыт бой тасалап жүрген Есім кейінірек Шашамбай есімді дәулетті адамның қолына жалданып, жұмыс істей бастайды. Алайда байдың үрейшілдігі мен қысымнан сескенуі салдарынан Есім тағы да ұсталып, билікке тапсырылмақ болады. Бұл жолы да оның сенімді күрең аты қашуға мүмкіндік беріп, тұтқыннан сытылып шығады. Қиын жағдайдан шығу жолын іздеген Есім Мұқан төреге барып, пана сұрайды, алайда одан да үміт күттірерлік көмек ала алмайды. Осы сәтте Зылиқаның басқа біреуге ұзатылмақ екенінен хабардар болған Есім үшінші мәрте сүйіктісін алып қашуға бел буады. Алайда ел ішіндегі қысым мен кедергілерден құтыла алмасын түсінген қос ғашық амалсыз қарақалпақ еліне қашып барып, сол жерде бой тасалайды. Уақыт өте келе олар отбасын құрып, бір ұл және бір қыз сүйеді. Ақыры өмірінің ауыр белестерінен өткен Есім мен Зылиқа туған еліне қайта оралады.

Зерттеу және салыстыру жұмыстарының нәтижесінде Н. Ахметбеков жинап, тапсырған 1-нұсқа [7] ел аузынан жазылып алынған түпнұсқалық мәтін екені анықталды. Сол себепті қолжазба мәтінің «Тосын толғау» жинағымен [12] салыстырып, мәтіндердің өзгеріске ұшыраған жолдарын ғана кесте үлгісіне салуды жөн санадық:

«Есім-Зылиқа» [1]

Қалар бос жалқау құлақ берген сыйдан,
Тыңдамай қапы қалып, болма бейқам.
Ғашықтық ер жігітке бір үлкен дерт,
Қандай ер мұндай іске жанын қиған.
*Кешегі қазақшылық заманында,
Ант, уағда айтылып, арға иман.
Арғында Меңдіқара атты кісі,
Шақыртыпты бірталай үйге мейман.*

*Ішінде бірге болған Құрманбайдан
Есітіп Әбдірахман іске қонған.
Мен қанып бұл кісіден өлең қылдым,
Болмаған оқиға емес, шыққан ойдан.
Бірталай шонжарлармен басын қосқан,
Сөз аңдып бір-бірінің алдын тосқан.
Тарихи неше түрлі сөз қозғалып,
Бас қосқан жиылыс ед дұшпан, достан.
Құлдықта талайлардың күні кешіп,
Байлаулы өткен қолы болмай бостан.
Жиған мал, абырой, бақ күштінікі,
Болған күн біреулер жер, біреу аспан.
Бақталас бай бәсеке ел жіктеліп,
Момындар малын бағып артын қысқан.
Жолаушы дәулетті үйге түседі көп,
Жүргенде жортуылда әрбір тұстан.
Дуылдап түрлі кеңес қызған кезде,
«Сөйлес» деп айқай салды біреу тыстан.
Бұйырды Меңдіқара: – Бірің бар, – деп,
Түсіріп, мейман болса, қолын ал, – деп.
Жолаушы, бір құдайы мейман шығар,
Үйге әкел, пісулі дәм дайын бар, – деп.
Болғандай заманында ердің басы,
Үлгілі бір қария сөз тұлғасы.
Шой желке, түлей қабақ, қызыл шырай,
Жетпістен асыңқырап келген жасы.
Отырды бұл кісімен кеңес құрып,
Әдеппен бір-біріне мойын бұрып.*

Есім-Зылиқа [12]

Қалар бос жалқау құлақ берген сыйдан,
Тыңдамай қапы *отырып*, қалма бейқам.
Ғашықтық ер жігітке бір үлкен дерт,
Қандай *жан* мұндай іске жанын қиған.
Меймандос мейірбанды Меңдіқара,
Шақыртып бір мәжіліске елін жиған.
Өзінің үзеңгілес қарияларын
Құрметтеп ордасына етті мейман.

*Шонжарлар майқанада басын қосқан,
Бірі айтып, бірі тыңдап, сөзін тосқан.
Құлдықта талайлардың күні кешіп
Байлауда өткен қолы болмай бостан.*

Жиған мал, абырой, бақ күштінікі,
Болған күн біреулер жер, біреу аспан.
Бақталас, бай бәсеке ел жіктесіп,
Момындар малын бағып, аузын қысқан.
Жолаушы дәулетті үйге түседі көп,
Жүргенде жортуылда әрбір тұстан.
Дүрілдеп түрлі кеңес қызған кезде,
«Сөйлес-ау» *дедеді* біреу сонда тыстан.
Бұйырды Меңдіқара: – Бірің бар, – деп,
Түсіріп, *үлкен* болса, қолын ал, – деп.
Жолаушы, бір құдайы мейман шығар,
Үйге әкел, пісулі дәм дайын бар, – деп.
Болғандай заманында ердің басы,
Үлгілі бір қария *бой* тұлғасы.
Шуй желке, түлей қабақ, қызыл шырай,
Жетпістен асыңқырап *кеткен* жасы.
Отырды бұл кісімен кеңес құрып,
Әдеппен бір-біріне мойын бұрып.

Қызынып қымыз ішіп отырғанда
«Сөйлес» деп тағы біреу сыртта тұрып.
Тағы айтты Меңдіқара: – Барып кел, – деп,
Меңдіні жұрт мақтайтын «қалыпты ер» деп.
– Оңаша үй артына атын байлап,
Құрмет қып, болса мейман алып кел, – деп.
Тағы да барды бірі қадам басып,
Сөйлесіп аз кідірді амандасып.
Байлатып үй артына атын қойып,
Өкеліп кіргізді осы үйге есік ашып.
Есіктен келіп кіріп берді сәлем,
Бір асқан көрініп тұр көрнекті адам.
Көрінді салтанаты жаннан бөлек,
Тамсанды айбатына көріп тамам.

Қолжазбада жоқ

Қарайды манағы шал айырмай көз,
Бұзылып түрі, жүзі өзгерді тез.
Ұмтылды төрден тура қолын жайып,
Әлеумет қайырмастан отырды сөз.
Бір кезде айрылысып келді төрге,
Тізелес орын берді келген ерге.
Тым-тырыс отырысты үйдің іші,
Сөз бастап сөйлесін деп үлкендерге.
Дем алып, Меңдіқара сұрады жөн:
– Меймандар, көрінбейсіз бір ерден кем.
Кісідей сағынысқан көрінесіз,
Ал, енді түсіндірші, жөндерің кім?
Қолжазбада жоқ

Мен өзім жалғыз баспын, балам да жоқ,
Нақақтан біреу кетер жалам да жоқ.
Бұл жігіт жалғыз менің жиенім ед,
Риясыз балалықтан алаң да жоқ.
Өскен соң Әлім алып жігіт қылды,
Бермеске мұны қолдан шарам да жоқ.
Қараңғы жортуылға атандырды[ы],
Шығатын бұғауынан шамам да жоқ.

Қызынып қымыз ішіп отырғанда
«Сөйлес-ау!» деп сырттан тағы тұрып.
Және айтты Меңдіқара: – Барып кел, – деп,
Меңдіні жұрт мақтайтын «қалыпты ер» деп.
– Оңаша үй артына атын байлап,
Құрметтеп болса мейман алып кел, – деп.
Тағы да барды бірі қадам басып,
Сөйлесіп аз кідірді амандасып.
Түсіріп, үй сыртына атын байлап,
Өкеліп кіргізді есік ашып.
Есіктен келіп кіріп берді сәлем,
Бір асқан көрінеді көрікті адам.
Көрінді салтанаты жаннан бөлек,
Таңданды айбатына көріп тамам.
Кең маңдай, орта бойлы, ай қабақты,
Қыр мұрын, қызыл жүзді, ұзын жақты.
Оралған екі мұрты құлағына,
Бүкпелі белде семсер алтын сапты.

Тақтайдай жауырыны кең, көкіректі,
Жоталы жолбарыстай сом білекті.
Келте тон, күлте белбей, қырым балақ,
Жез қалпақ, жарма қоныш көк етікті.

Көрмеген бұл сықылды асыл текті,
Таңырқап талайлардың есі кетті.
Бес қару белде, сайман жарасып тұр,
Көрінді әлеуметке тым келбетті.
Қарайды манағы шал айырмай көз,
Бұзылып нұрлы жүзі болғандай жез.
Ұмтылды төрден тұра қолын жая,
Әлеумет қайырмастан отырды сөз.
Бір кезде айрылысып келді төрге,
Тізелес орын берді келген ерге.
Тым-тырыс үйдің іші отырысты,
Сөз бастап сөйлесін деп үлкендерге.
Аздан соң Меңдіқара сұрады жөн:
– Меймандар, көрінбейсіз бір ерден кем.
Кісідей сағынысқан көрінесіз,
Ал, енді түсіндірші, жөндерің кім?
Өз атым Есмағамбет, руым – *Қыпшақ*,
Жүруші ек Қазанбас пен Аман қыстап.
Ел билеп ерлік еткен кісі емеспін,
Айтайын алсаң ұғып сөзімді ұстап.

Атақты Әлім байға түйе бақтым,
Адалдық қызметіммен байға жақтым.
Алты жыл Қазанбасы, Аман жайлап,
Отарда он мың қара бағып жаттым.

Жаз жайлап үстімізге келеді Әлім,
Есептеп айтып болмас жиган малын,
Қыр жайлап, ылди қыстап көше жүріп,
Ойлаған мақсатының қылған бәрін.
Мен өзім жалғыз баспын, балам да жоқ,
Ағайын, ілін жекжат, қарам да жоқ.
Бұл жігіт менің жалғыз жиенім ед,
Риясыз балалықтан алаң да жоқ.
Ұл болып қияметтік қолымда өсті,
Осыдан басқа менің панам да жоқ.
Өскен соң Әлім байға жігіт болды,
Бермеске мұны қолдан шамам да жоқ.

Қатырып ат мінгізді арғымақтан,
Ақ құмай, ақсұңқар құс қарғылатқан.
Орынбор, Омбы, Сібір, Көкшетаудай,
Мал тартып алдырады әрбір жақтан.
Атағы бұл жігіттің Есім дейд,
Атақты орта жүзге Есім білед.
Белгілі қайтпас болат, қайратты ер,
Мақал болды «Есім барса есен келед».
Қыдырып Қырым жағын, Қытай шегін,
Серілмес сері болып сеніп алған.
Келеді мал айдатып Алтай жүрiп,
Жерлерден ес таптырмай тартып алған.
Қараңғы жортуылда жүреді жай,
Олжасын еңбекпенен көреді бай.
Бұл Есім күрең атпен бір кеткенде,
Кешігіп келе алмады он екі ай.
Ауылым Амансоздың көлбеуінде,
Әлімнің отырушы ем шендеуінде.
Түйеден кешке таман үйге қайттым,
Екі мес шұбатым бар теңдеуімде.
Ағаштың арасында үйге келсем,
Арыстай күрең ат тұр белдеуін де.
Қуанып үйге кірсем Есім отыр,
Шешпеген белден қылыш, белбеуін де.
Көргеннен сәлем бере тұрды ұшып,
Бір сүйдім білегінен қолын қысып.
Жеңгесі дайын етіп қойған екен,
«Жүремін» деп қарбаңдады дәмін ішіп.
Атына үйден шығып мініп алды,
Беліне бүкпеліні іліп алды.
«Жолыма батаңды бер, нағашым» деп,
Есікте көлденеңдеп тұрып алды.
Қоржынға азық салып алған артып,
Тоқталып тілге келмес мұнан қайтып.
«Есімді көрдім деме ешбір жанға», –
Деді де, күрең атпен кетті тартып.
Көзімнен «ал» дегенше болды ғайып,
Тілек қып қала бердім қолды жайып.
Есімді көрдім дермін ба ешбір жанға,
«Қайда кетті-ау, – дедім, – қолдан тайып».
Ертемен есептедім малымды кеп,
Барады күйік, шіркін, жанымды жеп.
Бір жігіт мал басына келді маған,
«Әлімнің қара арғымағы алынды» деп.
– Үмітсіз Есім келсін – дедім – қайда,
Әлім де «келе алмас» деп қалды ойға.
– Жоқ еді Есім алса өкінішім,
Құлап өліп қалмасын орға, сайға.
Әр жерге сұрау салып хат жолдады,
«Сүйінішім кем емес – деп – он бір тайға».
Екі атпен Есім кетті дерек болмай,
Сындым сақтай көр деп бір Құдайға.
Есімнен, қара аттан да хабар болмай
Тағы да күн созылды бірер айға.
Отырдық жұрдай болып аң-таң қалып,
Бір ай өтіп, екінші ай болды жарық.
Тал түсте екі жандарм жетіп келіп,
Әлімді тұтқын етіп кетті алып.
Әлімнен хабар болмай үш күн дәйім,
Не ғажап іс болды деп жедік уайым.
Жалғыз үй мал басында отырамын,
Қарағай сусылдайды, сыңсып қайың.

Қатырып ат мінгізді арғымақтан,
Ақ сұңқар алып қолға қарғылатқан.
Орынбор, Омбы, Сібір, Еділ, Жайық,
Мал тартып алдырады әрбір жақтан.
Атағы бұл жігіттің Есім дер ед,
Айтушы ед орта жүзге Есім бел ед.
Белгілі қайтпас болат, қайратты ер,
Мақал бар: «Есім барса есен келед».
Қыдырып Қырым жағын, Қытай шегін,
Есімге ел бетінде дүние тегін.
Қайратты әрі батыр, өзі сері,
Егескен талай жаудан алған кегін.
Қараңғы жортуылда жүреді жай,
Жас түлек, жүрегі мас, көңілі бай.
Бұл Есім күрең атпен бір кеткенде,
Кешігіп келмей қалды он сегіз ай.
Ауылым Амансордың көлбеуінде,
Әлімнің отырушы ем шендеуінде.
Түйеден кешке таман үйге қайттым,
Екі мес шұбатым бар теңдеуімде.
Ағаштың арасында үйге келсем,
Арыстай күрең ат тұр белдеуімде.
Қуанып үйге кірсем Есім отыр,
Шешпеген белден қылыш, белбеуін де.
Көргенде-ақ сәлем бере тұрды ұшып,
Бір сүйдім білегінен қолын қысып.
Шешесі дайын етіп қойған екен,
Жүруге ыңғайланды дәмін ішіп.
Атына үйден шығып мініп алды,
Беліне бүкпелісін іліп алды.
«Жолыма батаңды бер, нағашым» деп,
Есікте көлденеңдеп тұрып алды.
Қоржынға азық салып алған артып,
Тоқталып тілге келмес мұнан артық.
«Есім көрдім демеңіз ешбір жанға», –
Деді де, күрең атпен кетті тартып.
Көзімнен «ал» дегенше болды ғайып,
Дұға қып қала бердім қолды жайып.
Есімді көрдім дегем жоқ ешбір жанға,
«Қапыда кетті-ау, – дедім, – қолдан тайып».
Ертемен есендедім малымды кеп,
Барады күйік, шіркін, жанымды жеп.
Бір жігіт мал басына келді шауып,
«Әлімнің қара арғымағы алынды» деп.
– Ой, тәйір-ай, Есім келсін – дедім қайдан,
Әлім де сеніп сөзге қайтты райдан.
– Жоқ еді Есім алса өкінішім,
Қаралсын өлімтігі ор мен сайдан.

Әр жерге сұрау салып хат жолдады,
«Сүйінішім айтушыға он бір тайдан».
Екі атпен Есім кетті дерек болмай,
Тілеймін сақтай көр деп бір Құдайдан.
Отырдық мынау іске аң-таң қалып,
Бір ай өтіп, екінші ай болды жарық.
Тал түсте сегіз солдат жетіп келіп,
Әлімді тұтқын етіп кетті алып.
Әлімнен хабар болмай үш күн дәйім,
Не ғажап іс болды деп түсті уайым.
Жалғыз үй мал басында отырамын,
Қарағай сусылдайды, сыңсып қайың.

*Бұлт алып, түстен кейін шықты дауыл,
Арт қара Әлімнен біздің ауыл.
Маңырап ақсақ қойлар тырағайлап,
Дүрлідеп бұршақ жауып, ықты жауыр.
Желіде құлын, тайлар иұрқырасып,
Ойыннан бала қашып тырқырасып.
Қазықтап, арқан салып, дүрсілдетіп,
Шашы жүр қатындардың бұрқырасып.
Ағаштар бір-біріне басын иіп,
Салбырап мәуелері жерге тиіп.
Бүлініп жапырағы жерге түсер,
Айқасып бір-бірінің бетін сүйіп.
Басына жас келіндер желек жауып,
Бұралып, сыңқыл етіп, бие сауып.
Кешкілік қойған астау суға батпай,
Ойнақтап жылқы кеткен қайта шауып.
Орыстар мәстегімен сылпың етіп,
Ұршығы көкиолақтың бұлтың етіп.
Ағаштан кешке таман қайтқан орыс,
Арбасын өтіп жатыр тырсылдатып.
Белдеуге түйе қоңыр атты байлап,
Қамығып отыр едім, ақыл ойлап.
Есіктен Есім кіріп келді бір кез
Құбылып түрі-түсі гүл-гүл жайнап.
Есіммен амандасып тысқа шықсам,
Күрең ат, қара арғымақ тұрған ойнап.
Қара аттың тасасында бір сұлу тұр,
Тағзым қып иіледі ізет ойлап.
Сәулесі бір туған ай жанып тұрған,
Уылжып екі бетінен нұры тамып тұрған.
Кигені зерлі мақпал, асыл жібек,
Торғынмен тұла бойын таңып тұрған.
Көрдім де қайта айналып кірдім ішке:
– Абырой берсін, – дедім, – әрбір іске.
Бір ғажап үлкен жұмыс болған екен,
Ей, балам, шыдамадым қайран күшке.
Есім айтты: – Еске алдым құдіретті,
Көресің тірі болсаң нелер кепті.
Басқа сөз қайырмастан атқа мініп,
«Шұрықта жатамыз» деп жүріп кетті.
Тағы да мұнан кейін үш күн өтті,
Әлімді ұстап, ауылдың құты кетті.
Жайықтан шекті елінен қызды қуып,
Қуғыншы он жеті адам бұ да кепті.
Оралтып облыстан ісін оңдап,
Ояздан қағаз алған заңқой шекті.
Әлімді алып қасына Қостанайдан,
Даугерлер, қыз әкесі бұ да кепті.
Қолжазбада жоқ*

– Қызымды сенің ұрың алып қашқан,
Баламды тәрбиелеп жастан баққан.
Қыз мінген атың айғақ, дәл сенікі,
Сен өзіңсің ақыл беріп, ойда жатқан.
Бұл жерде көп кідіріп тұра алмаймыз,
Ынтымақ Зылықасыз қыла алмаймыз.
Ақ бата арадағы бұзылғасын,
Берсең де бес мың қара тына алмаймыз.
Ер болсаң бұл ісінді тындырып бер,
Еріксіз Есімінді көндіріп бер.

Белдеуге түйе қоңыр атты байлап,
Сағынып жалғыз ұлды «иә, құдайлап».
Есіктен Есім кіріп келді бір кез
Құбылып нұрлы жүз гүл-гүл жайнап.

Бұл жолдар жинақта кездеспеді

Есіммен есендесіп тысқа шықсам,
Күрең ат, қара арғымақ тұрған ойнап.
Қара аттың тасасында бір сұлу тұр,
Тағзым қып иіледі ләззат ойлап.
Сәулесі бір туған ай, жанып тұрған,
Уылжып екі бетінен нұры тамып тұрған.
Кигені зерлі мақпал, жасыл жібек,
Торғынмен тұла бойын таңып тұрған.
Көрдім де қайта айналып кірдім ішке:
– Абырой бергей, – дедім, – әрбір іске.
Бір ғажап қиын жұмыс болған екен,
Ай, балам, шыдамадым қайрат-күшке.
Есеке, еске алғанмын құдіретті,
Көресіз тірі болсаң нелер кепті.
Басқа сөз қайырмастан атқа мініп,
«Шұрықта жатамын» деп жүріп кетті.
Тағы да мұнан кейін үш күн өтті,
Әлімді ұстап, ауылдың сиқы кетті.
Жайықта Шекті елінен қызды қуып,
Қуғыншы он жеті адам бұ да кепті.
Оралтып облыстан ісін оңдап,
Уезден қағаз алған заңқой Шекті.
Әлімді ала-мала Қостанайдан,
Даугерлер, қыз әкесі бұ да кепті.
Ақсақал, би, молдалар, шонжарымен,
Начальник, крестьян, сот, жандарммен.
Топ жмнап, топыр сайлап келіп қалды,
Ат-әнжам, қару-сайман қамдарымен.
Тентегің қызымды алып қашқан,
Баламды тәрбиелеп жастан баққан.
Қыз мінген Әлім, сенің арғымағың,
Қалыңсыз қыз алдым деп қылма мақтан.
Бұл жерде көп кідіріп тұра алмаймыз,
Ынтымақ Қадияссыз қыла алмаймыз.
Ақ бата ежеқабыл бұзылған соң,
Берсең де бес мың қара тына алмаймыз.
Ер болсаң бұл ісінді тындырып бер,
Еріксіз Есімінді көндіріп бер.

Есерсоқ, ел бүлдірген тентегінді,
Құл қылып жайдақ *нарға мінгізіп* бер.
Орысқа сені ұстаттым мұнымды айтып,
Тауып бер Есіміңді шыныңды айтып.
Болмаса шапқышылық көрсетемін,
Мұнан соң талай келем саған қайтып.
Әлім айтты: – Сөзімді тыңда, шекті,
Келіңсің кісі өлім боп құнға, шекті.
Қуыпсың қашақ болған бір байталды,
Әкелсе *таптырармыз* мұнда, шекті.
«Көзі көк, сары оязды пір тұттым» деп,
Өзіңді өзің ұлық қылма, шекті.
Ұрлаттым сол Есімге мен де атымды,
Ант, иман, нанамысың жанға, шекті.

Қолжазбада жоқ

Егерде ақыл беріп мен алдырсам,
Іс бұлай болмас еді онда, шекті.
Орысқа отыз жылдай ұстатсаң да,
Есімді бере алмас жұрт қолға, шекті.
Балалық бірі ұл, бір қыз етті екен деп,
Елім жоқ боялатын қанға, шекті.
Арамға бір шыққансын адал болмас,
Бұл жерге ар-намысты салма, шекті.
Он жігіт қастарыңа елден алып
Ал, іздеттік ұйлығып тұрма, шекті.
Бұл Есім таптырғанмен түспес қолға,
Боларлық жігіт емес сендерге олжа.
Түйеші Есмағамбет нағашысы ед,
Бір соғып ғажап емес, кетсе сонда.
Есімнің бұл бүлігі болды уайым,
Сөнбесе жарар еді туган айым.
Зірікледіп нашандік те қысып жатыр,
«Бір күнде қыз-жігітті қыл, – деп, – дайын».
Сұрады менен келіп Есім жайын,
Мен айттым бастан-аяқ осындайын.
«Шұрықта қыз бен жігіт жатыр» дедім,
Тұрғанда елім сасып не қылайын.
Екі ел боп Есімді іздеп кетті шауып,
Шұрықтан қапылыста алды тауып.
Ұйқыдағы екеуін де ұстап алған,
Шешініп жатқан екен қылмай қауіп.
Басынан құсы ұшып, бақыты ауып,
Тіл қатпай екеуі де тұр мұңайып.
Оңаша үй тіктіріп, құлып салып,
Тұтқын қып қыз-жігітті қойды жауып.

Қолжазбада жоқ

Шектінің қызын беріп қайырмақшы,
Күрең ат айыбына бұйырмақшы.
Есімді *бас ұры қып* тұтқынға алып,
Ғашықты бір-бірінен айырмақшы.
Әлімді алдап-сулап көндіреді,

Есерсоқ, ел бүлдірген тентегінді,
Құл қылып жайдақ түйе міндіріп бер.
Әкімге сені ұстаттым мұнымды айтып,
Тауып бер Есіміңді шыныңды айтып.
Егер де Қадишаны қайтармасаң,
Қол тартып ел шабуға келем қайтып.
Әкімге айтты: – Сөзімді тыңда, Шекті,
Келіп пе ең, кісі өлім боп құнға, Шекті.
Қуыпсың қашақ болған байталыңды,
Әкелсе *қайыртармыз* мұнда, Шекті.
Жалмауыз кәрі уезге арқа сүйеп,
Өзіңді өзің ұлық қылма, Шекті.
Ұрлаттым сол Есімге мен де атымды,
Ант, иман, нанамысың жанға, Шекті.
Айыпқа ерді берген кімді көрдің,
Ойнасқор бір кәнизак тұлға, Шекті.
Ақымақ бір ұл, бір қыз болды екен деп,
Боялған бар ма қазақ қанға, Шекті?
Арамға бір шыққан соң адал болмас,
Бұл жерге ар-намысың салма, Шекті.
Онан да ортаға алып сөйлеселік,
Ол Есім келген болса мұнда, Шекті.

-

Ол Есім таптырғанмен түспес қолға,
Боларлық жігіт емес сендерге олжа.
Түйеші Есмағамбет нағашысы ед,
Айтады оның жөнін келсе сонда.
Есімнің бұл бүлігі болды уайым,
Оңғарсын оңға оралтып бір құдайым.
Зірікледіп начальниктер қысып жатыр,
Қыз, жігіт таң атқаниша болсын дайын.
Сұрады менен келіп Есім жайын,
Мен айттым бастан-аяқ осындайын.
«Шұрықта қыз бен жігіт жатыр» дедім,
Жатқанда ел бүлініп не қылайын.
Екі ел боп Есімді іздеп кетті шауып,
Шұрықтан жатқан жерден алған тауып.
Шешініп ай-жай болып жатқан ұйықтап,
Болмаған көңілінде титтей қауіп.

-

Ұйқыда жатқан жерде қылмай қауіп,
Сыбдырын білдірместен ебін тауып.
Екеуін ұстап алған бетіменен,
Әкеліп кигіз үйге қойды жауып.

Қамады дау түйіні шешілгенге,
Жазасы жазықтының кесілгенше.
Тергеусіз тезінен сот үкім етті,
Шай қайнап, асылған ет пісіргенше.
Шектінің қызын беріп қайырмақшы,
Күрең ат айыбына бұйырмақшы.
Есімді *бейсүрікті* тұтқын етіп,
Ғашықты бір-бірінен айырмақшы.
Осылай даудың *артын* сөндіреді,

Осылай даудың өртің сөндірерді.
Бұл болған әңгімені бастан-аяқ
Бір досы Есімге кеп сездірерді.
Бұл билік Есімге бастан ұнамас-ты,
Ер Есім бұл қорлыққа шыдамас-ты.
Есікті бұзып шығып қыз бен жігіт,
Жүгіріп қалың атқа араласты.
Кермеде қара арғымақ, күрең ат тұр,
Өлсе де басқа малға қарамас-ты.
Аяғын үзеңгіге сала-мала,
Екеуі екі жүйірік міне қашты.
Жабыла у-шу болып атқа мініп,
Есімнің тозаңына араласты.
Түйекөк шу дегенде бір шалатын,
Қумасам жұрт көзіне жарамас-ты.
Болмаса басқа біреу мініп қуса,
Қарақты ұстап алса, айласы асты.
Өзім құмай болмады өз баламды
Талайлар «атты бер» деп жағаласты.
Жөнелдім түйекөкпен бұлдыр қағып,
Жылмиып жермен-жексен кетті алып.
Суырылып қалың қолдан жалғыз жеттім,
Қол қатпай келе жатыр мені бағып.
Есім айтты: – Агаеке-ай, неге жеттің,
Көзіне жаман болды-ау мына көптің.
Айрылып Зылықадан тұтқын болып,
Жүргенше кетейін деп талап еттім.
Сол кезде бүкпелімен қалды жасқап,
Менде жоқ ұрыспаққа алған аспап.
– Нағашым, қош енді, – деп жүріп кетті,
Сыпырып төбе терімді алып тастап.
Жығылдым бет-аузым қанға малып,
Түк білмей есім танып қалдым талып.
Боялған үсті-басым қып-қызыл қан,
Көтеріп үйге әкетті теңге салып.
Құтылды қалың қолдан ерлі-зайып,
Зорығып талай тұлпар болды майып.
Төрт салдат аты жүрмей бұл да келді,
«Жеткізбей кетті, – десті, – болып ғайып».
Ісіне екі тентек ел күймесін,
Іс қылды деп ойлады болмас лайық.
Әлімді босатады мұнан кейін,
Жиналған тарап кетті елге дейін.
Бетімен қуғыншылар кетті тозып,
Сұрау сап Омбы, Сібір, Өрге дейін.
Сонан соң Есім қашқан болмай дерек,
Сағындым қолға түспей неге керек.
Есімді іздеп шыққан жолым еді,
Татқан дәм кездестірді, болып себеп.
Сол қашқан жалғыз балам мынау Есім,
Қызықтың кім біледі ерте-кешін.
Көрісіп мен жыламай, кім жыласын,
Ендігі өзі шертер әңгімесін.

Бұл жолдар қолжазбада кездеспеді.

Зорлықпен елді осыған көндірерді.
Бұл болған уақиғаны бастан-аяқ
Бір досы Есімге кеп сездірерді.
Есімге мына билік ұнамас-ты,
Ер Есім бұл қорлыққа шыдамас-ты.
Қылышпен керегені жалғыз шауып,
Қақ төрден екі ғашық шыға қашты.
Шап берген қарауылды шалып өтіп,
Жүгіріп қалың атқа араласты.
Күрең ат, қара арғымақ кермеде тұр,
Өлсе де басқа малға қарамас-ты.
Аяғын үзеңгіге сала-мала,
Екеуі екі жүйірік міне қашты.
Жабыла у-шу болып атқа мініп,
Есімнің тозаңына араласты.
Жан қалмай дақпыртпенен кетіп жатыр,
Талайлар «атты бер» деп жағаласты.
Түйе көк шу дегенде бір шалатын,
Қумасам жұрт көзіне жарамас-ты.
Түйе көк шу дегенде кетеді ағып,
Жылмиып жермен-жексен бұлдыр қағып.
Суырылып қалың қолдан жалғыз жеттім,
Қол қатпай келе жатыр мені бағып.
Есім айтты: – Көкежан, неге жеттің,
Көзіне жаман болды-ау мына көптің.
Айрылып Қадишадан қор болғанша,
Не өліп, не кетуге талап еттім...
Сол кезде бүкпелімен қалды жасқап,
Менде жоқ ұрысқандай қолымда аспап.
– Нағашым, қош енді, – деп жүріп кетті,
Сыпырып төбе терімді алып тастап.
Жығылдым бет-аузым қанға малып,
Түк білмей есім танып қалдым талып.
Боялған үсті-басым қып-қызыл қан,
Көтеріп үйге әкетті теңге салып.
Құтылды қалың қолдан ерлі-зайып,
Зорығып талай тұлпар болды майып.
Солдаттар аты жүрмей келді қайтып,
«Жеткізбей кетті, – десті, – болып ғайып».
Ісіне екі тентек ел күймесін,
Орынсыз іс қылған соң болмас лайық.
Әлімді босатады сонан кейін,
Айналды істің беті оңға бейім.
Бетімен қуғыншылар кетті тозып,
Сұрау сап Омбы, Сібір, Өрге дейін.
Сонан соң Есім кетті, болмай дерек,
Сағындым қолға түспес, неге керек.
Елімнен іздеп шыққан жолым еді,
Бұл үйде кез келтірді ғайып себеп.
Сол қашқан жалғыз балам мынау – Есім,
Қызықтың кім біледі ерте-кешін.
Көрісіп мен жыламай, кім жыласын,
Опық жеп он тоғыз жыл көрмегенсін.
Не қып жүр содан бері, қайда кетті?
Есімнің енді өзі айтар әңгімесін...
Есекең соныменен сөзін кесті,
Бұлар да естуші едік бұрын десті.
Есімнің ерлігіне қанағаттап,
Жарайсың, сабазым деп гүлдесті.
Бір мін жоқ Есекеңнің денесінде,
Дегендей бөркін алды көресің бе?
Бар екен ақ тақыры алақандай,

*Жұрт көрді нысаны төбесінде,
Есімге Меңдіқара қымыз құйды,
Әлеумет сөз тыңдауға мойнын бұрды.
«Есіткенді көз көрер» деген осы,
Шырағым, жасырмай соқ, көрген сырды.
Сөйледі сонда Есім белін шешіп,
Бұл-дағы кетеді екен желдей есіп,
Тамаша тамсандыра сөйлеп өтті,
Өткізген уақиғасын бастан кешіп.
– Есекең айтып өтті менің сырым,
Бір талай мехнат берді Шекті зұлым.
Мен-дағы өз әкем деп іздеп келдім,
Жері жоқ жасыратын енді мұның.*

Зерттеу барысында Н. Ахметбеков өңдеп жарыққа шығарған «Есім сері» дастанында бұрынғы халық арасынан жазып алынған нұсқаларға қарағанда бірқатар өзгерістер мен толықтырулар анықталды.

Сонымен қатар ақын өз нұсқасында қыздың есімін Зылиқа емес, Қадиша деп береді. Осыған байланысты халық арасындағы түпнұсқа 1-нұсқа көлемі 922 жолды құраса, Нұрхан Ахметбековтің нұсқасының көлемі 1514 жолға дейін ұлғайған. Демек, ақын жыр желісіне өз тарапынан қосымша көркем эпизодтар мен поэтикалық жолдар қосып, жалпы саны 592 жолға дейін арттырған.

«Есім-Зылиқа»дастанының сюжеттік негізі ХІХ ғасырдың екінші жартысындағы тарихи-әлеуметтік оқиғалармен сабақтас болуы мүмкін. Шығарма бастапқыда халық арасына ауызша таралып, кейін жекелеген жыршылар мен айтушылардың өңдеуі арқылы әртүрлі нұсқада хатқа түскені байқалады.

Көркем детальдың мәтіндегі мағыналық функциясы «Есім-Зылиқа» дастанында айқын көрінеді: этнографиялық және портреттік бөлшектер тек кейіпкер болмысын ашып қана қоймай, шығарманың әлеуметтік-тарихи контекстін шоғырландырады. Осы микрообраздар бүгін идеялық мазмұнды құрылымдаушы және нарративтік тұтастықты қамтамасыз ететін құрылымдық элементтер ретінде қызмет атқарады [13].

Зерттеу барысында қолжазба нұсқалар арасындағы мәтіндік айырмашылықтар мен олардың пайда болу себептері анықталды. Нәтижесінде 1-нұсқаның [7] бас жағында кездесетін:

Ішінде бірге болған Құрманбайдан,
Есітіп Әбдірахман іске қонған.
Мен қанып бұл кісіден өлең қылдым,
Болмаған оқиға емес, шыққан ойдан –

деген шумақ басқа нұсқаларда кездеспейді. Бұл да ақынның өз нұсқасына жаңаша мазмұн мен мән беруге тырысқанын көрсетеді. «Есім-Қадиша» (4-нұсқа) мен «Есім-Зылиқа» (5-нұсқа) жолма жол бірдей, 5-нұсқада кейбір жолдарды ақын сөздің ретіне қарай өзі өңдеп жазған. Сараптама нәтижесінде ғашықтық сюжеттері қазақ әлеуметтік-мәдени кеңістігіне бейімделу барысында мазмұны тұрмыстық тәжірибеге жақындатылып, күрделі ұғымдар нарративтік-метафоралық бейнелер арқылы қайта түсіндірілген. Бұл тұжырым Марнелдің «кез-келген шығарманың бірнеше нұсқасы болса да, барлық шығармаға негізгі ой беріп тұратын түпнұсқа негізгі мәтін» деген тұжырымы сай келеді [15]. Ал, прецедентті мәтіндердегі заттық атаулардың таңбалық және символдық табиғаты жөніндегі қағида «Есім-Зылиқа» дастанына да тән: ұрмыстық әрі этнографиялық заттар тек баяндау деталі емес, мәдени-танымдық мағынаны кодтайтын семиотикалық бірлік ретінде көрінеді [16].

1-кестеде көрсетілгендей, қолжазба нұсқаларының көлемі, кейіпкер есімдерінің берілуі, жазылу уақыты мен әліпбиі жағынан өзара айырмашылықтарға ие.

1-кесте. «Есім-Зылиқа» дастанының библиографиялық және мәтіндік көрсеткіштері

Библиографиялық сипаттама	1-нұсқа	2-нұсқа	3-нұсқа	4-нұсқа	5-нұсқа
Атауы	Есім-Зылиқа	Есім сері	Есім – Қадиша	Есім – Қадиша	Есім мен Қадиша
Әліпби	араб	кирилл	араб	кирилл	кирилл
Жинаушы	Н.Ахметбеков	Н.Ахметбеков	Н.Ахметбеков	Н.Ахметбеков	Ш.Базиллов
Жазылған жылы	1923 ж.	1930 ж.	1937 ж.	1957 ж. Батыс Қазақстан экспедициясы	1953 жылы Ақмола облысы
Қыз есімі	Зылиқа	Қадиша	Қадиша	Қадиша	Қадиша
Беті	51	43	97	26	65
Жол саны	922	774	1940	1460	1520
Қоры	ОҒК:Ш.690, 1-дәп.	ОҒК:Ш.690, 2-дәп.	ОҒК:Ш.732, 1-дәп.	ӘӨИ:Қ.233, 2-дәп.	ӘӨИ:Қ.68 2; 4-дәп.
Библиография ясы	Бабалар сөзі. 22-том. 2005 ж.	Тосын толғау. 1958 ж.	-	-	-

Қорытынды

Қорыта айтқанда, «Есім-Зылиқа» дастанының бес қолжазба нұсқасын салыстырмалы талдау олардың бір сюжеттік негізге құрылғанымен, мәтіндік құрылымы, көлемі және жекелеген эпизодтарының берілуі жағынан өзара айырмашылықтары бар екенін көрсетті. Және нұсқалар арасында кейіпкер аттарының өзгеруі, мәтіннің кеңеюі немесе қысқаруы, сондай-ақ кейбір эпизодтардың толықтырылуы сияқты айырмалар анықталды.

Зерттеу нәтижесінде 1923 жылы Н. Ахметбеков ел аузынан жазып алған бірінші нұсқа мәтіннің бастапқы, халықтық сипатқа жақын үлгісі екені байқалады. Ал кейінгі нұсқаларда мәтіннің кеңейіп, кей жерлерінің өңделгені байқалады. Осы тұрғыдан алғанда, «Есім-Зылиқа» дастанының қолжазба нұсқалары жыр мәтінінің уақыт өте келе қалай өзгеріп, дамығанын көрсетуімен құнды дереккөз болып табылады. Сонымен қатар қолжазба нұсқаларын салыстыру дастан мәтінінің уақыт өте келе орындаушылар мен көшірушілер тарапынан өзгеріп, толықтырылып отырғанын дәлелдейді.

Алғыс: Мақала Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрлігі Ғылым комитетінің BR27101897 «Қазақстан әдебиеттануы, фольклортануы және өнертануы экокөзінсінің цифрлық трансформациясы: пәнаралық зерттеулер» атты нысаналы бағдарламасы аясында жазылды.

Әдебиеттер

1. Дала фольклорының антологиясы. Құраст. Рақыш Ж.С., Мурсалимова Н.М. Алматы: Brand Book, 2019. – 528 б.
2. Дүйсенбаев Ы. Қазақтың лиро-эпосы. Алматы, 1973.
3. Қоңыратбаев Ә. Қазақ фольклорының тарихы. Алматы: Ана тілі, 1991. – 288 б.
4. Бабалар сөзі. 22-том. Астана: Фолиант, 2005. – 304 б.
5. Қоңыратбаев Ә. Шығармалар жинағы. Көптомдық. 1-том. – Алматы: МерСал, 2005. – 384 б.
6. Әуезов М. Уақыт және әдебиет. – Алматы: Қазақтың мемлекеттік көркем әдебиет баспасы, 1962. – 421 б.
7. «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі. Ш.690, 1-дәптер.

8. «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі. Ш.690, 2-дәптер.
9. «Ғылым ордасы» РМК Орталық ғылыми кітапханасының Сирек кітаптар, қолжазбалар және ұлттық әдебиет бөлімі. Ш.732, 1-дәптер.
10. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. 233-бума, 2-дәптер.
11. М.Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты. 682-бума, 4-дәптер.
12. Ахметбеков Н. Тосын толғау. – Алматы, 1958. – 207 б.
13. Амирова А., Танжарықова В., Тоқшылықова Г. Әдебиеттегі деталь табиғаты мен қызметінің зерттелуі / М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институты "Керуен" №4, 89-том, 2025. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-06>
14. Fan Y. (2024). Linked Words, Linked Worlds: Metaphor(ic) Transformation as Intertextual Narrative Strategy in Rewrites of Shakespeare's Plays. *Style*, 58, 431 - 452.
15. Marnel Sterk, F., van Goch, M., Burke, M., & van der Tuin, I. (2025). Popularization Writing Skills Development: A Longitudinal Case Study of the Writing Process and Writing Outcomes in Nine Undergraduate Interdisciplinary Students. *Written Communication*, 42(4), 966-998. <https://doi.org/10.1177/07410883251349204>
16. Нұрдәулетова, Б., Аймұхамбет, Ж. (2021). Прецедентті мәтіндердегі «зат-символ» мәселесі. Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университетінің Хабаршысы. Филология сериясы, 137 (4), 78–85. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-78-85>

References

1. Dala folklorinin antologiyasy [Anthology of Steppe Folklore] / Comp. Raqysh J.S., Mursalimova N.M. – Алматы: Brand Book, 2019. – 528 p. (in Kazakh)
2. Duyisenbaev Y. Qazaqtyn liro-eposy [Kazakh Lyric Epic]. – Алматы, 1973. (in Kazakh)
3. Qonyratbaev A. Qazaq folklorynyn tarihy [History of Kazakh Folklore]. – Алматы: Ana tili, 1991. – 288 p. (in Kazakh)
4. Babalar sozi. 22-tom [Words of Ancestors. Volume 22]. – Astana: Foliant, 2005. – 304 p. (in Kazakh)
5. Qonyratbaev A. Shygarmalar zhinagy. Koptomdyq. 1-tom [Collected Works. Multi-volume edition. Volume 1]. – Алматы: MerSal, 2005. – 384 p. (in Kazakh)
6. Auezov M. Uaqyt zhane adebiet [Time and Literature]. – Алматы: Qazaqtyn memlekettik korkem adebiet baspasy, 1962. – 421 p. (in Kazakh)
7. «Gylym ordasy» RMK Ortalyq gylymi kitaphanasynyn Sirek kitaprap, qoljazbalar zhane ulityq adebiet bolimi. Sh.690, 1-dapter [Rare Books, Manuscripts and National Literature Department of the Central Scientific Library of the «Gylym Ordasy» RSE. File 690, Notebook 1]. (in Kazakh)
8. «Gylym ordasy» RMK Ortalyq gylymi kitaphanasynyn Sirek kitaprap, qoljazbalar zhane ulityq adebiet bolimi. Sh.690, 2-dapter [File 690, Notebook 2]. (in Kazakh)
9. «Gylym ordasy» RMK Ortalyq gylymi kitaphanasynyn Sirek kitaprap, qoljazbalar zhane ulityq adebiet bolimi. Sh.732, 1-dapter [File 732, Notebook 1]. (in Kazakh)
10. M.Auezov atyndagy Adebiet zhane oner instituty. 233-buma, 2-dapter [Institute of Literature and Art named after M. Auezov. File 233, Notebook 2]. (in Kazakh)
11. M.Auezov atyndagy Adebiet zhane oner instituty. 682-buma, 4-dapter [File 682, Notebook 4]. (in Kazakh)
12. Akhmetbekov N. Tosyn tolgau [Unexpected Impulse]. – Алматы, 1958. – 207 p. (in Kazakh)
13. Amirova A., Tanzharykova V., Tokshyshykova G. Adebiettegi detal tabigaty men qyzmetinin zerttelui [Study of the Nature and Function of Detail in Literature] // M.O. Auezov atyndagy Adebiet zhane oner instituty «Keruen». – No. 4, Vol. 89, 2025. <https://doi.org/10.53871/2078-8134.2025.4-06>. (in Kazakh)
14. Fan Y. Linked Words, Linked Worlds: Metaphor(ic) Transformation as Intertextual Narrative Strategy in Rewrites of Shakespeare's Plays. *Style*, 58, 2024. – P. 431-452.
15. Sterk M., van Goch M., Burke M., van der Tuin I. Popularization Writing Skills Development: A Longitudinal Case Study of the Writing Process and Writing Outcomes in Nine Undergraduate

Interdisciplinary Students. Written Communication, 42 (4), 2025. – P. 966-998.
<https://doi.org/10.1177/07410883251349204>

16. Nurdauletova B., Aimukhamet Zh. Precedentti mánderdegi «zat-simvol» máselési [The Issue of «Object-Symbol» in Precedent Texts] // L.N. Gumilyov atyndagy Euraziya ulttyq universitetinin Habarshysy. Filologiya seriyasy, 137 (4), 2021. – P. 78-85. <https://doi.org/10.32523/2616-678X-2021-137-4-78-85>. (in Kazakh)

Н.М. Мурсалимова^{*}, Ж.Т. Салтакова

Институт литературы и искусства имени М.О. Ауэзова,
050010, Республика Казахстан, Алматы, ул. Курмангазы, 29

^{*}ORCID: 0000-0003-4875-9684,

^{*}e-mail: m_nasihath@mail.ru

ЭПОС «ЕСИМ-ЗЫЛИХА»: РУКОПИСНЫЕ ВАРИАНТЫ И ОСОБЕННОСТИ ТЕКСТОВ

Аннотация. В качестве основного материала исследования были взяты пять рукописных версий эпоса «Есим-Зылиха», хранящиеся в архивах Института литературы и искусства имени М. Ауэзова и Центральной научной библиотеки.

Системное изучение эпосов о влюбленных сформировалось в казахской фольклористике во второй половине XX века. В связи с чем в данной статье анализируются труды М. Ауэзова, А. Конаратбаева, Ы. Дуйсенбаева, Б. Азибаевой и других известных ученых. Основываясь на выводах исследователей, авторы статьи демонстрируют переходный характер и взаимосвязь авторской обработки и народных традиций в текстах любовных эпосов между фольклором и письменной литературой. Исходя из классификации Б. Азибаевой, разделение любовного эпоса на три группы социально-любовных сказаний, основанных на восточном сюжете, региональных фольклорных и конкретных исторических событиях, рассматривается как важное научное направление для анализа их художественной природы.

Хотя содержание эпоса «Есим-Зылиха» типологически похоже на восточные классические сказания, произведение оценивается как впитавшее в себя казахское мировоззрение, национальные традиции и историко-социальные реалии. В результате исследования доказано, что версия эпоса 1923 года представленная Н. Ахметбековым, является оригинальным текстом, записанным из уст сказителей по стране, а в более поздних доработанных вариантах имеет место внесение в текст поэтических, художественных правок. Кроме того, в статье определяется место любовного эпоса в рамках жанра, его историческая основа и формулируется важность введения рукописного наследия в научный оборот.

Ключевые слова: рукопись, фольклор, Есим-Зылиха, эпос, версии, исследование.

N.M. Mursalimova^{*}, Zh.T. Saltakova

M.O. Auevov Institute of Literature and Art,
Republic of Kazakhstan, Almaty, 29 Kurmangazy Street

^{*}ORCID: 0000-0003-4875-9684,

^{*}e-mail: m_nasihath@mail.ru

THE «ESIM-ZYLIIKA» EPIC: MANUSCRIPT VERSIONS AND TEXTUAL FEATURES

Abstract. Five handwritten versions of the epic «Esim-Zylyka» stored in the archives of the M. Auevov Institute of Literature and Art and the Central Scientific Library were used as the main material for the present research.

The systematic study of epics about lovers took shape in Kazakh folklore studies in the second half of the 20th century. In this regard, this article analyses the works of M. Auevov, A. Konyratbayev, Y. Duisenbayev, B. Azibayeva and other well-known scholars. Based on the conclusions of these researchers, the authors of the article demonstrate the transitional nature and interconnection between authorial adaptation and folk traditions in the texts of love epics between folklore and written literature. Based on B. Azibayeva's classification, the division of love epics into three groups of social and love tales based on Eastern plots, regional folklore and specific historical events are considered as an important scientific direction for analyzing their artistic nature.

Although the content of the epic «Esim-Zylyka» is typologically similar to classical Eastern tales, the work is considered to have absorbed the Kazakh worldview, national traditions and historical and social realities. The study proves that the 1923 version of the epic presented by N. Akhmetbekov is the original text recorded from storytellers across the country, while later revised versions contain poetic and artistic edits. In addition, the article defines the place

of the love epic within the genre, its historical basis, and formulates the importance of introducing the manuscript heritage into scientific circulation.

Keywords: manuscript, folklore, Esim-Zylika, epic, variants, research.

Авторлар туралы

Мурсалимова Насихат Мазикеновна – М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: m_nasihat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0003-4875-9684>.

Салтақова Жанат Тоқтарқызы – PhD, М.О. Әуезов атындағы Әдебиет және өнер институтының жетекші ғылыми қызметкері, Қазақстан Республикасы, Алматы, e-mail: aibolanel_27@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3161-2179>.

Сведения об авторах

Мурсалимова Насихат Мазикеновна – ведущий научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Республика Казахстан, Алматы, e-mail: m_nasihat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3161-2179>.

Салтақова Жанат Тоқтарқызы – Научный сотрудник Института литературы и искусства имени М.О. Ауэзова, Республика Казахстан, Алматы, e-mail: aibolanel_27@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3161-2179>.

Information about authors

Nassikhat Mursalimova – research fellow at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: m_nasihat@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3161-2179>.

Zhanat Saltakova – senior researcher at the M.O. Auezov Institute of Literature and Art, Republic of Kazakhstan, Almaty, e-mail: aibolanel_27@mail.ru, ORCID: <https://orcid.org/0000-0002-3161-2179>.

Редакцияға енуі 25.01.2026

Өңдеуден кейін түсуі 06.03.2026

Жариялауға қабылданды 26.03.2026

[https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1\(5\)-13](https://doi.org/10.53360/3080-3861-2026-1(5)-13)
IRSTI: 17.01.07

M.S. Kairambayeva

State Historical-Cultural and Literary-Memorial Museum-Reserve
of Abai «Zhidebai-Borili»,

071400, Republic of Kazakhstan, Semey city, 11 K. Mukhamedkhanov street

ORCID: 0000-0003-2983-7720

e-mail: asyl-mira@mail.ru

SHAKARIM AND EXPEDITIONS TO THE KAZAKH LAND: THE PROBLEM OF LITERARY DISCOURSE AND NATIONAL REPRESENTATION

Abstract. The article considers the personality of Shakarim Kudaiberdiuly from the perspective of literary studies in the context of scientific expeditions to the Kazakh lands in the 20s and 30s of the 20th century. The objects of research were the expeditionary records of F.A. Fielstrup, M. Kuchinsky and other researchers, as well as Shakarim's works of historical and ethnographic content. The purpose of the work is to identify the discourse connection between expedition texts and Shakarim's works, analyze the textual representation of national identity and determine the role of the author's position in the formation of cultural memory. The methods of historical and comparative, intertextual analysis, discourse interpretation and the theory of cultural memory were used in the research. As a result, it was proven that Shakarim was not just an informant for the members of the expedition Nurkadyrov, but an intellectual figure who systematically explained the traditional worldview, customs and historical experience of Kazakh society. While the expedition materials describe the Kazakh economic system, social structure, family customs, and hunting culture, in Shakarim's works these phenomena are presented with artistic interpretation at the level of a national-spiritual concept. The intersection of these two different textual layers demonstrates the